

ФИЛОЛОГИЯ сериясы  
№ 1-2 / 2014  
серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ



Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы  
КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
**ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК**  
КОКШЕТАУСКОГО  
ГОСУДАРСТВЕННОГО  
УНИВЕРСИТЕТА  
имени Ш. УАЛИХАНОВА

ISSN 1608-2206

Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОҚШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТИНІҢ  
**ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК**  
КОКШЕТАУСКОГО  
ГОСУДАРСТВЕННОГО  
УНИВЕРСИТЕТА  
имени Ш. Уалиханова



Меншік иесі Ш. Уәлиханов атындағы Қоқшетау мемлекеттік университеті ШЖҚ РМК  
Собственник РГП на ПХВ Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова

Бас редакторы - Главный редактор  
Елюбаев С.З., д-р с.-х. наук, профессор  
Бас редактордың орынбасары - Зам.главного редактора  
Анищенко О.А., д-р филол. наук, доцент  
Редакция алқасы - Редакционная коллегия

Жакупова А.Д. д-р филол. наук;  
Шаймерденова Н.Ж. д-р филол. наук;  
Баяндина С.Ж. д-р филол. наук;  
Юрина Е.А. д-р филол. наук;  
Приёмышева М.Н. д-р филол. наук;  
Журавлёва Е.А. д-р филол. наук;  
Джусупов М.Д. д-р филол. наук;  
Дмитрюк Н.В. д-р филол. наук;  
Жахина Б.Б. д-р педагог. наук;  
Шапауов А.К. канд. филол. наук;  
Исмагулова А.Е. канд. филол. наук;  
Жуманбекова Н.З. канд. филол. наук;  
Фаткиева Г.Т. ответственный секретарь.

Адрес редакции: 020000, г. Кокшетау, ул. Абая, 76.  
тел./факс: 25-55-83; редакция: 40-23-47;  
E-mail: [vestnik\\_kokshetau@rambler.ru](mailto:vestnik_kokshetau@rambler.ru)

ISSN 1608-2206

ФИЛОЛОГИЯ сериясы  
№ 1-2 / 2014  
серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

Техникалық редакторлар  
Технические редакторы  
Зволльский В.А.  
Мансуров К.Ж.

2008 жылдан бастап шығады  
Жылyna 4 рет шығады

Издается с 2008 года  
Выходит 4 раза в год

Басуга 22.05.2014 ж, код койылды.  
Пішімі 60x84 1/12.  
Кітап-журнал көзіз.  
Көлемі 21 б.т.  
Тараалымы 300 дана.  
Бағасы келісім бойынша.  
Тапсырыс № 16.

Подписано в печать 22.05.14 г.  
Формат 60x84 1/12.  
Бумага книжно-журнальная.  
Объем 21 п.л. Тираж 300 экз.  
Цена договорная. Заказ № 16.

Ш. Уәлиханов атындағы КМУ  
баспаханасында басылған

Отпечатано в типографии  
КГУ им. Ш. Уалиханова

©Ш. Уәлиханов атындағы Қоқшетау мемлекеттік университеті  
Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова  
Зарегистрирован Министерством культуры, информации и общественного согласия РК  
Регистрационное свидетельство № 481-ж от 25.11.1998 г.

**МАЗМУНЫ**  
**СОДЕРЖАНИЕ**  
**ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРЕРИ**  
**ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

<b>Алишпаева З.К.</b> Проблема витальности языка казахской диаспоры в Германии .....	6
<b>Алтаева А.К.</b> Бағалауға негізделген модальділік семантикасы .....	12
<b>Амренова Р.С.</b> Концептілер аясы және концептінің құрылымдық түрлері жайлы .....	16
<b>Анищенко О.А., Хлыстова В.В.</b> Лексика в ономастическом пространстве произведений Ч. Айтматова .....	23
<b>Довбня И.П.</b> Внутренние механизмы эволюции лингвистических категорий .....	27
<b>Жакупова Ш.С., Левина О.И., Сизов Д.В., Бурмистрова В.А.</b> К вопросу о методах исследования психолингвистики .....	35
<b>Жукенова А.К.</b> Речевое воздействие и коммуникативные стратегии подчинения .....	40
<b>Жумагулова Б.С.</b> Компонент тематический в полемическом дискурсе .....	44
<b>Журавлева Е.А., Акпентаева А.А.</b> Речевые этикетные формулы в казахской этнокультурной среде .....	48
<b>Zhakupova Sh.S., Levina O.I., Sizov D.V.</b> To the problem of romanic elements in the development of the English language .....	54
<b>Илхан Ыылдырым</b> Лингвистикадағы гендер мәселеңінің орны мен жүйесінің қалыптасу көздері .....	59
<b>Илхан Ыылдырым</b> Невербальное мышление в межкультурной коммуникации .....	64
<b>Казкенова А.К.</b> Стратегия неполного понимания и заимствованное слово .....	67
<b>Камзаева К.С.</b> Құрмаластағы коммуникативтік талаптар .....	73
<b>Кульбаева Б.Т.</b> Лакунарность и компетентность в процессе межкультурной коммуникации .....	77
<b>Күдеринова Қ.Б.</b> Түркі тілдері: әліпби алшақтығы – тіл алшақтығы .....	82
<b>Мухатаева А.Ж.</b> Этнолингвистическое исследование лексики казахского эпоса .....	87
<b>Мухатаева А.Ж.</b> Наименования принадлежностей эпического героя .....	92
<b>Оналбаева А.Т.</b> Знаки невербального общения в оппозициях «старший–младший» и «мужчина–женщина» .....	96
<b>Оспанова Ф.А.</b> Лингвистикадағы дискурс типологиясының мәселелері .....	101
<b>Оспанова Ф.А.</b> Дискурс категориисының құрылымдық жіктелімі .....	106
<b>Рыспаева Д.С.</b> Лингвокогнитивное содержание концепта достоинство .....	110
<b>Сарсембекова У.К.</b> Стратегий и тактики речевого воздействия в политических дискурсах СМИ Казахстана и России .....	116
<b>Тавлуй М.В., Фаткиева Г.Т.</b> Этнические доминанты в поликультурном пространстве Казахстана .....	124
<b>Токтарова Т.Ж.</b> Паремиологические единицы с компонентом әйел .....	129
<b>Уалиева А.Б.</b> Қазақ халқының ертегілерінде кездесетін жалқы есімдер .....	133
<b>Шайбакова Д.Д.</b> Структура и смыслы гипердискурса о национально-языковом вопросе в Казахстане .....	139
 <b>САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ</b>	
 <b>СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ</b>	
<b>Жакупова А.Д., Мукашева А.О., Сагындыкова Ж.О.</b> Национально-культурная специфика метаязыкового сознания (на материале наименований растений в казахском и русском языках) .....	145
<b>Товтайло Т.И., Довбня Л.Э.</b> История изучения словесного ударения в украинском и русском литературных языках .....	150

## ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

### ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

<b>Абдуллаева Қ.М., Зейнулина А.Ф., Шапауов Ә.Қ. Қ. Кеменгеров әңгімелеріндегі көркемдік әдіс .....</b>	160
<b>Айтуғанова С.Ш. Лирикалық прозадағы психологиялық талдау («Сүзгенің соңғы күндері» хикаяты негізінде) .....</b>	166
<b>Алиева Д.А. Научная деятельность Мухаммеда Хайдара Дулати .....</b>	173
<b>Әлтай А.Д. Хандық дәуір поэзиясының ерекшелігі .....</b>	177
<b>Досмаханова Р.А., Ажиеев К.О. Изучение композиции художественного произведения (на примере трилогии «Кровь и пот» А. Нурпесисова) .....</b>	185
<b>Жанұзақова Қ.Т. 1970-80 жылдардағы қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық дәстүр мен жаңашылдық .....</b>	189
<b>Жұмағұлов С.Б., Жұмағұлов А.Б. 1970-1980 жылдардағы қазақ өлеңтану ілімі .....</b>	196
<b>Жұсіпов Н.Қ., Баратова М.Н., Шапауов Ә.Қ. Шекерімнің насиҳат өлеңдері .....</b>	203
<b>Жұсіпов Н.Қ., Баратова М.Н., Шапауов Ә.Қ. С.Торайғыров өлеңдеріндегі «тұн», «қараңғы», «жол» ұғымдарының ерекшелігі .....</b>	208
<b>Қабылов Ә.Д. М. Мағауиннің даралық стиліндегі ирония .....</b>	212
<b>Қабылов Ә.Д. И. Жансүтіров эстетикасындағы иронияның орны .....</b>	217
<b>Қобланов Ж.Т. Уильям Шекспирдің «Гамлет» трагедиясындағы образдар .....</b>	221
<b>Қобланов Ж.Т. Уильям Шекспирдің комедиялары .....</b>	224
<b>Қожекеева Б.Ш. Ақын, аудармашы – Жусіпбек Шайхисламұлы шығармашылығы .....</b>	229
<b>Нурахунова Г.М. Звуковая организация тюркского свободного стиха (на материале уйгурской поэзии) .....</b>	233
<b>Сарсембаева А.Б., Мажит Зура Поэзияны аударудың ерекшеліктері мен мәселелері .....</b>	237
<b>Сарсембаева А.Б. Көркем аударма саласындағы поэзия және оның формалары .....</b>	243
<b>Тлеубердина Г.Т., Садвакасова А.А. С. Дөнентаев және қазақ сатирасы .....</b>	248
<b>Тлеубердина Г.Т., Иткұсовая З. Қ. Бекет Өттөлеуов шығармашылығы және көркем аударма мәселелері .....</b>	252
<b>Тоқсамбаева А.О. Мәшһүр-Жусіп балладаларындағы сюжеттік желі .....</b>	256
<b>Тоқсамбаева А.О. Машһүр Жусип копеев и тюркский фольклор .....</b>	260
<b>Туровская Е.И. Тема любви в творчестве Александра Вертиńskiego .....</b>	264
<b>Шоманова Г.К. «Розанов глазами эксцентрика» Венедикта Ерофеева: двойничество как источник эстетики и своеобразие русского постмодернизма .....</b>	269
<b>Ысқақ Б.Ә., Зейнулина А.Ф. Сұлтанмахмұт шығармашылығындағы көркемдік жүйе мен авторлық позиция .....</b>	279

### ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

#### МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

<b>Бегалиева С.Б. О влиянии лингвистического анализа текста на обогащение словаря учащихся .....</b>	285
<b>Курманова Б.Ж., Назаренко А.Л., Бобырь С.Л. Ақпараттық-коммуникациялық технологияның телекоммуникациялық жобалар өткізуденгі әдістемелік мүмкіншіліктері ...</b>	288
<b>Маймакова А.Д., Кадырова Г.Р. Патриотическое воспитание как приоритет духовно-нравственного развития и воспитания студентов в современном Казахстане (из опыта работы на занятиях по русскому языку в педагогическом вузе) .....</b>	293
<b>Нешадим О.В. Использование сайта <a href="http://www.britishcouncil.kz">www.britishcouncil.kz</a> на занятиях по практическому иностранному языку страны специализации со студентами специальности</b>	293

«международные отношения» .....	299
<b>Русол И.Г., Шулембаева К.М.</b> Профессионально-ориентированное обучение иностранныму языку студентов в высших учебных заведениях и формирование профессионального тезариуса .....	303
<b>Уразаева К.Б.</b> Литературоведческие подходы к изучению теории художественного текста в магистратуре .....	309
<b>Tynbayeva G.S., Bekzhigitova Z.S., Zhantuganova A.S.</b> New Approaches in Methods of Teaching .....	315
<b>Шукуманова Б.С.</b> Кәсіби қазақ тілін грамматикалық бағытта оқыту .....	320

## **ШОЛУЛАР, СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ**

## **ОБЗОРЫ, КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ**

## **АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ МАҒЛУМАТТАР**

## **СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ**

325

**ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ**  
**ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА**

ӘОЖ: 82:316.3

Қ.М. Абдуллаева<sup>1</sup>, А.Ф. Зейнулина<sup>2</sup>, Ә.Қ. Шапауов<sup>3</sup>  
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті<sup>1,2</sup>  
Ш. Уәлиханов атындағы Қекшетау мемлекеттік университеті<sup>3</sup>  
Павлодар, Қекшетау, Қазақстан

**Қ. КЕМЕНГЕРОВ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ҚӨРКЕМДІК ӘДІС**

*Мақалада Қ. Кеменгеров әңгімелеріндегі көтерілген тақырып өзектілігі мен жазуышылық қозқарасы, аударма өнеріндегі шеберлігі, драмаларындағы тартыс пен мінезі қарастырылады. Қөркемдік әдіс мәселесін заман ағымына сәйкес танытады. Қаламгердің әңгіме жазуда қолданатын қөркемдік құралдарына талдау жасалады.*

*Tірек сөздер: қөркем әдебиет, қөркем проза, қөркемдік әдіс, әңгіме.*

Көркем әдебиет саласындағы алғашқы қадамын аудармадан бастаған Қошке қеменгерұлы қөркем проза саласында да өз қолтаңбасын қалдырды. Өзі өмір сүрген Атап айтқанда "Отаршылдық ұсқындары", "Қанды толқын", "Тұтқынның ойы", "Дүрия", "Назика", "Ерлік жүректе", "Момынтай", "Жетім қызы", "Қазақ әйелдері", "Қарааш" әңгімелері - заман шындығын шынайы қөркемдікпен жеткізетін реалистік туындылар. Бұл еңбектер әдебиетші-ғалымдар тарапынан сынап, лайықты бағасын алды десек болады. Бұл ретте, Г.Ж. Ордаеваның "Қошке Кеменгерұлының әдеби мұрасы", атты кандидаттық диссертациясын, Р.Рұстембекованаң "Қазіргі қазақ әңгімелері" деген зерттеуін, Р. Нұргалиев, Б. Құндақбаев, Д. Қамзабекұлының зерттеулерін атаяға болады. Бұлардың ішінде қаламгердің әңгімелерін теренірек зерттеп, талдаган филология ғылымдарының докторы Гүлжанан Орда. Ол өзінің ғылыми еңбегінде: "Халықтық рухпен жазылған Қ. Кеменгерұлының әңгімелерінің қай-қайсысы болсын өмірдің қайнаган ортасынан алынған шыншыл туындылар", - деп бағалап, тақырып жағынан үшке бөледі: 1) қорғансыздар өмірі, 2) әйел тенденция, 3) отаршылдық зәбірін әшкерелеу [1, 10].

Қ. Кеменгерұлының қорғансыздар өмірін арқау еткен әңгімелері - "Момынтай", "Жетім қызы". "Жетім қызы" әңгімесінде анадан жетім қалып, егей шешеден қорлық қөрген қыздың өмірі суреттесе, "Момынтайда" әкеден ерте айырылып, алты жасынан қозы сонында жуіп, байдың таяғын жеп есken баланың шынайы өмірі бейнеленген.

Жазушының бұл әңгімелері М. Әуезов әңгімелерімен тақырып жағынан үндес. Әсіресе Қ. Кеменгерұлының "Жетім қызы" мен М. Әуезовтың "Қорғансыздың күні" әңгімелері бөліп жаруға келмейтін, бір-біріне өте жакын дүниелер. М. Әуезов 1921 жылы жазса, Қ. Кеменгерұлы 1924 жылы жазыпты. Екі әңгімеге де қорғансыз қыздардың өмірі арқау болған. Біріншісі қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде жазылса, екіншісі, төңкерістен кейін жазылған. Әңгімелерді салыстырғанда байқалатын бірінші ұқсастық ол - әңгімелердің пейзаж Ben жасталуы. Екінші ұқсастық - жолаушылардың С. қаласынан шығатын қара жолмен келе жатуы. Ал айырмашылығы - шығармалардың соңы екі түрлі шешім табуы. Мәселен Ғазиза Ақан болыстың қорлығына шыдай алмай, өз басын өлімге тігеді. Ол өзінің қөрген қорлығын жарымжан әжесі мен шешесіне айтқысы келмей солай істеуге мәжбүр болады. Ал, қарандықтарында бірін-бірі жетелеген екі мұсәпірдің соңғы үміті сөніп, жанталасып қарбаласқан күйде калады. Бұларға қол ұшын беретін азамат та жоқ. Екінші әңгімеде жетім қыздың болашағына қамкорлық қөрсететін саналы адам табылады. Мұндағы Дарабек Ақан болыстай емес,

корғансыз қызды қорлаудан аулақ. Керінше, оның ойы - ауыр да қызын өмірден панасыз, бейкүнә қызды құтқару. Әңгіменің негізгі идеясы Дарабектің: "Біз көрген жеке бақыттың, тоқтықтың құны жеті тиынга да тұрмайды, жалпы бақыт, ортақ өмір керек", - [2, 262] деген ойы арқылы көрінеді.

Келесі М. Әуезовтың "Жетім", Қ. Кеменгерұлының "Момынтай" әңгімелеріне арқау болған - корғансыз, жетім ұлдар өмірі. Екеуі де көзі ашылмай жатып байлардан зәбір көріп, жетімдіктің, жоқшылықтың, өмірдің ащы дәмін татқан бейкүнә балалар. Жазушылардың көздегені - бақытты өмір, тендік, бостандық. Айта кететін нәрсе, әңгімелер екі түрлі қаламнан туғанымен, араларында заңды жалғастық бар. М. Әуезов әңгімесіне арқау болған оқиға ілгеріректегі қофам өмірінен хабар береді. Ал Қ. Кеменгерұлы жетім қызын Дарабекке тегіннен-тегін жолықтырып отырған жоқ. Жетімге де күн туады дегенді мензейді. Дарабек секілді адамдар енді оларға корған болмақ. Момынтайды да оқуға алып кеткен Дарабек сияқты сенімді ел азаматы. Қасым, Газиза көре алмай кеткен күнге Момынтай жетіл отыр. Осындай ұқсастық әңгімелердің арасын жалғастырып тұр.

Келесі қазак әйелінің тағдыры, олардың әлеуметтік теңсіздігі, бас бостандығы үшін өлімге де бас тіккен қыздардың өмірі - "Назика", "Қараашаш", "Дүрия", "Ерлік жүректе" әңгімелерінде сөз болады. Сол кездегі көзі ашық ұлт зиялыштарын толғандырған әйелдің бостандық өмірі ғана емес, еліміздің ертегі, ұлт тағдыры болғандықтан олар бұл мәселеге женіл қарай алмаган. Осы тақырыпқа қалам тартпаған қаламгерлер жоқ десек те болатын шығар. Әйел мен ел тағдырын бірлікте, бір мәселе ретінде көтерген қаламгерлердің атапған әңгімелері сөз жоқ қазақтың сөз өнеріне, проза жанрының ұлы қошіне қосылған ерекше дүниелер деп айтуга тұрарлықтай.

Қ. Кеменгерұлының әйел тақырыбына жазылған әңгімелеріне зер салсақ, өмірді жалғастыратын әйел болмысын таныту, сол арқылы заман ағымын, өзгерісін, ерекшелігін көрсету идеясы айқын көрінеді. Бір ғана "Қараашаш" әңгімесіндегі мұндың өзі көп нәрсені аңғартқандай. Қараашаш ата-анасының беделі үшін сүймеген адамына қосылып, өз тағдырын күрессіз қайғыға батырады. Қараашаш бейнесі арқылы автор сол кездегі қофамның әйел туралы көзкарасын, қазак әйелінің түпкі ойын, еріксіздігін даралап, шебер суреттейді. Әңгіме шагын болғанымен ескі замандағы әдет-ғұрпты толықтай сипаттап беріп тұр. Қараашаш - өз бостандығы үшін күресе алмаған сол замандағы қалың малға сатылған қазак қыздарының бірі. Жазушы Қараашаш бейнесін жинақтау тәсілі арқылы жасаған. Кейіпкер қайғысын төмөндеғіше суреттейді:

Тайынша, құла ата айдадым базарына,  
Жаманның қайдан қалдым назарына?  
Жаманды жер соқтырып кетер едім,  
Қараймын ата-анамның ажарына [2, 257].

Қараашаш өз бақыты үшін күресуге мүмкіндігі бола тұра ата-ананың көnlіne қараймын деп, теңсіздік бұғауына шырмалады. Кейін өзі де бар ғұмырын өкінумен, өзін-өзі кіналаумен өткізеді. Жазушы мұндағы "Неге қарадым арыма? Неге кетпедім сүйген жарыма? Ата-анам жолдас болды ма? Алғыспенен ондым ба? [2, 257] - деген кейіпкердің сөзін босқа алып тұрған жоқ. Бұл ата-ана беделі үшін сүйгенімен қосыла алмай, ескі әдет-ғұрптың құрсауында қалған жаннның ішкі күйініші, өкініші.

Келесі "Назика" атты әңгімеде, керінше, қыз бостандыққа қол жеткізеді. Алайда оның ерлігі әңгіме соңында көрінеді. Әңгімеде жазушы дәстүрлі үйлену салтын сөз етеді. Мұндағы басты ерекшелік - қазак қыздары мен жігіттерінің психологиялық тұрғыда өзгере бастауы. Яғни жастардың кимыл-әрекеттің қофамдағы өзгерістердің ықпал етіп отырғандығы сезіледі. Мәселен, әңгімегегі жігіттердің жігерлігі мен Назиканың қайсарлығы - қофамның әйел теңсіздігін жоюға бет бұргандығын көрсетеді.

Әңгімегегі бас кейіпкер Назиканы Қараашашпен салыстырсақ, Назикада өмірін ата-ана беделі үшін емес, өзі иғлігі үшін шешу көзделгенін байқаймыз.

Әңгімеде: "Қыстың бас кезі шаналық көбік қар. Құншуақ. Төрт жігіт екі шанада. Шана басы кос ат. Үлкендерінен жасырынып шыққандағы ойлары - Қыз алып қашпақ..."

Қансонардан жұрт аңға шығушы еді. Біздің жігіттер қыз алғы қашуға шықты. Бұлардікі ай жарықта үрлық қылғанмен бір есеп. Іңір жарығы жамырай, ел орынға отыра Назика сайдың басынан табыспақ, сол арада кетпек. Қыз шыға алмай қалса қайтеміз? Қолға түссек, таяқ жесек не боламыз? - деген үш ұйықтаса ойларына кірмейді. Бірақ жігіттеріміздің сенімдері де осал-онтағай емес. Заман советтікі, тенденциялардың "әйелдікі", - [2, 258] деп жазушы табиғат пен адам мақсатын бірге бейнелейді. Жігіттердің бейқамдылығын айта отырып, оның себебін жазушы өзі "Заман советтікі, тенденциялардың "әйелдікі" деп түсіндіріп өтеді. Және де жігіттерге қуат берген исполниторлық: "Қыз уәдесіне берік болса қайтадан барыңдар. Мен де арттарыңнан жетемін", [2, 259] - деген сөзі. Алтыншы күні інірде жігіттеріміз Ержанға құда түсіп қойғандай жетіп келеді. Осы арада жазушы "Алары болса да, берері болмайтын" ағайынның ынтымағын сипаттап өткен. Біреуі балта, біреуі айыр, біреуі сойыл ала жүгіреді. Бірақ та олар ештеңе істей алмайды. Себебі - араларындағы Таласбай - бұл ауылмен жақсы таныс. Жігіттер де еркінсіп жетіп келеді. Ержан байда бүрінғыдай емес, тек сес көрсеткені болмаса, аса қарсылық көрсете алмайды, оған Назиканың өткірлігі де себеп болады. Назика: "Бұларда жұмыстарың болмасын, шақыртқан мен, байласандар мені байланыңдар", - деп қасқыншылардың тұрып алады" [2, 259]. Бұл басқа әңгімелердегі қыздардан Назиканың көш ілгері екендігін танытады.

К. Кеменгерұлы Назика бейнесі арқылы қызы-келіншектердің өз өміріне қатысты мәселелерді шешуде батыл болу керектігін көрсетіп тұр.

"Дүрия" әңгімесінде, Дүрия атты қыздың қайсаңдылығы, ерлігі сөз етіледі. Дүрия бейнесі басқа бір кейіпкер, Естің ойы арқылы ашылады: "Қазак әйелінің алмастай ойма тілі, қамал бұзған қайраты Дүриядада екен" [2, 250]. Жазушы шеберлігі осыдан да көрінеді. Өзінің сүйгеніне қосылып, бас-бостандығын алу үшін өз ауылына қорықпай қайта келіп, төре алдында тайсалмай, жауап қайырып отырган іс-әрекеттерінен, қайратты тұлғасынан, тас түйіндей жауабы арқылы жазушы оны өз бостандығы үшін күресе білетін бейне ретінде танытады. Дүрияның алдыңғы кейіпкерлерден айырмасы сол - ол бостандыққа қол жеткізеді. Себебі алдыңғы кейіпкерлерде жоқ қасиеттер: батылдық, тәзімділік, тайсалмай қарсы тұра білуі бостандыққа жол ашты.

Әңгіме соңында Естің Дүриядада айтқан сөзі қыз бейнесін аша түседі:

- Адам баласының құлдық ұрған байлығын аяқпен тептің, ата-анадан сүйген жарды артық көрдің? Тусаң ту! Сендей әйелі бар қазақ ел болады. Сүйген жарыңмен тату-тәтті ұзак өмір сүр! - деп алғыс білдіреді [2, 250].

Мұндағы "Сендей әйелі бар қазақ ел болады" деген сөйлем бүкіл қазақ қоғамына тасталған ұран сияқты. Жазушы қазақ халқының әйел қауымына берген тенденцияның тәуелсіз болып қалыптасуына жасаған бір қадамы болмақ деп, ел арманын білдіргендей.

Ал "Ерлік жүректе" әңгімесінде басты кейіпкер - **Зайра** атты келіншек. Оның батылдығы қазақтың ескілікті салт-дәстүріне, әменгерлікке қарсы тұруынан көрінеді. Ол да өз жарына сүймей қосылған. Енді ол салтқа қарсы әрекет жасайды. Оның қашып кетуі - өз басының бостандығы үшін күресуге жасаған батыл қадамы. Кейіпкердің әрекеті заман өзгерісін, соған сәйкес қазақ қыздарының да санасының ояна бастағанын көрсетеді. Бірақ ол осы қадамын аяғына дейін жеткізе алмайды. Сана өзгергенімен өмірдегі жеңіске жету үшін қажыр-қайраттың керек екені, ондай қасиет болмаған жағдайда жеңісті қолдан беретіні Зайра бейнесі арқылы ашылады. Зайраның жасырының жатқан жерінен құғыншылардың тауып алуы - соның дәлелі.

Әңгіме пейзажбен басталады: "Арқаның ереке желі жорғадай жылжып, өрден ылдига құлағанда, торғында толқыған салалы көк шалғын бүйралып, жана түсken келіншек құсап, тәжім еткендей. Марқа құлын жасырынғандай көкорай дариясында белуардан сұнгіп, шағаладай шаңқан үйлер арқасын күнге беріп, мұлгіп тұрды. Ақ меруерт көбіктен қанат жайып, арқаның кербез сұлуындағы бұраңдап, күн сөулесіне күлімдеп сылдыр қақкан бұлақтың мөлдір сұы ауылды куалай белдеуlep алғып жатты..." [2, 250].

Мұнда жазушы тамаша кейіптеулер жасаған. Шығармада пейзажды окиға желісімен, кейіпкер өмірімен паралель қойып суреттеу XX ғасыр басындағы қаламгерлер

туындыларының көпшілігіне тән десек, бұл дәстүр Қ.Кеменгерұлының да әңгімелерінде көрініс береді. Аталмыш әңгімегі Зәйра өз теңіне қосыла алмай, малға сатылған бақытсыз жан. Сондықтан ол зарлы, мұнды. Онымен қосылып табиғатта ауыр азап кешеді: "Зәйраның жалынды зарын, көмексіз-күшсіз зарын, мамықтан жеңіл, шырдан өткін кешкі таза ауа, сағымдай көтеріп әкеткен үшқыр жел, тасбауыр адам ісі мынау деп айналға таратып тұрды. Зәйраның зарына тау қабырғасы қайысқандай жанғырығып күніренеді. Жел үйдей соғып, көкшалғын теңселеді, құлын-тайдай секіріп ойнақтаған бұлак суы да зар шеккендей [2, 251].

Зайраның қапастан қашып шығар алдындағы сәтінде табиғат та аласұрады: "Аспанды көмірдей қара бұлт басқан, найзағай ойнап, бұлтты қақа жарып, етегін жырып жарқылдап тұр" [2, 254].

Ал шығарманың сонында Қараашаштың көмегімен қашып кетіп аз да болса, азат өмірдің дәмін татқан Зәйрамен бірге табиғат та шаттық сезімге бөленеді: "Біраздан кейін бриллианттай көзді ойнатып, анадай мейірімін төгіп, сары алтындаі сәулесімен әлемді жарық нұрға болеп бауырмал күн басын көтерді... Шалқар тұс, күн нұрын құйып тұр. Балдырған гүлдер емшек емген баладай күнге бауырын төсеп мастануда: аз өмірін қызықпен өткізген көбелек гүлден-гүлге қонақтап, серуендеуде, құрт-құмырысқа тамақ іздел жер бауырлауда. Күн сәулесімен сүйісken құлашын сермен ағуда [2, 256]. Бұл жердегі "Аз" деген сөз көп нәрсені анғартады. Аз өмірінде, бірақ гүлдің жұпар ісінен нәр алып, еркін өркін өміріне көбелек қандай риза болса, "азә да болса азат болғанына Зәйра да сондай риза. Осындағы әңгіменің негізгі көтеретін мәселесі - қамауда өткен күллі өмірден аз да болса азаттықта өткен сәт әлде қайда артық деген ойды жеткізу. Байқағанымыздай, табиғат көрінісі шығармада идеялық ойды беруде де айтарлықтай қызмет атқарған. "Қошке пейзажы белгілі бір мақсатпен алынған, өз орнын тапқан жақсы көрініс. Дұрыс қолданылған пейзаж көркемдіктің бір белгісі [3, 61].

Қ. Кеменгерұлының әңгімелерінен байқалатын келесі бір көркемділік - сөйлемдердің үйқасқа құрылуы. Бұл көркемдік дәстүр Ж.Аймауытовтың шығармаларында көнінен колданыс тапқан. Қ.Кеменгерұлының "Қазак әйелдері" әңгімесінде: "Асқар белді, шалқар әйелді, самал желді еркін ел - Сары Арқа сайран еді. Күнде той, күнде сауық мейрам еді. бірақ әйелдердің қанды тұрмысы, торлы тұрмысы көшкен бұлттай, тоғысқан қойдай алдарыңнан өтеді. Ақ қағазды бояған жүректің тұнғыш сырын, ауыр мұнын, асав қарқынын, баяу толқынын, қан төккен зарын, азап шеккен арын сұық ақыл ұғынбайды, ыстық жүрек үғынады" [2, 257] деп баяндалады.

Бұл жолдардан каламгер тілінің ақындық, ерекше көркем, поэтикалық болмысын байқаймыз. Шешендік ойлау мен сөйлеудің сипаты ерекше көрінеді.

Әңгімелердегі келесі бір бейнелеуіш құрал - мысқыл (сықақ). "Сықақ дегеніміз - өмірдің көленкелі жақтарын жіті байқағыштықтан, айрықша сезімталдықтан, ымыраға келмейтін сыншылдықтан туатын әдеби шығарманың мысқылшылдық сипаты, сарыны" [4, 308].

Жазушы мысқылды "Дүрия", "Момынтай", "Ерлік жүректе" әңгімелерінде отаршылдық саясаттың өрістеп тұрған кезіндегі жағымсыз қазақ байлары мен шолак белсенділердің, халыкты іштей қанаған надандардың, парақорлардың портретін суреттеуде сәтті қолданады. Әңгімелерден мысал келтірсек:

"Дүрия" әңгімесінен: "Оң жағында беті бір қазан, семіздіктен тышқан көзі бітелуге айналған, дөңбектей кеспелтек, кебеже қарынды Жуанбай деген отырды. Жуанбай мына заманда болыс болмаса да, аузынан сөз, қолынан билік кетпеген адам еді.

Оған таяу күлімсіреген жіпсік көзді, өртке щалдыққандай көсе, тыржық бет Дауылбай

ку еді" [2, 247].

"Момынтай" әңгімесінен:

- Балшабай келгелі уш жыл болды. Әлі соқыр тыын көмек көргем жоқ. Сотқарбай жалғыз биемді тартып алды.

- Жуанбай бес жылғы қарызымды бермей шығарып жіберді [2, 245]. Байқап отырысақ, тіпті олардың бұл сүмпайы қылыштарын оларға берілген есімдер де аңғартады. Сондай-ақ мырзага қайтсем жағам деп бәйек қаққан байдың жалшыларының бейшере халін де өткір мысқылмен түрдейді.

"Ерлік жүректе" әңгімесінен:

"Мұнардай мойнын созылған, тай жүзген сабадағы көл қымызды желдей толқытып, піспекті құлаштай көтеріп, қара терге малынып, Қарабайдан мактау аламын деп, Көбен байғұс күрс-күрс пісіп жатыр" [2, 251].

Жазушы колданысындағы осындай сатираның ұтымды қоланылуынан Б.Майлин әңгімелерімен жақындықты байқауға болады.

Әңгімелердегі теңеулер де юморлық ренкпен берілген. Мысалы, "каздай қалқыған, үйректей жүзіскең досыңыз", "сасыған жұмыртқадай қорыстан шыққан иіс", "шала үйтілген қүйқадай тұпті ши", "үйездеген малдай әр жерде бір бас қосу", "үріккен койдай үйге бет алды", "көзіне тіреуіш салғандай үйқысы келмеді" [2, 260] т.б. келтіре беруге болады.

Ал Зәйраның психологиялық күйі теңеулер арқылы төмендегіше суреттелген: "Албастыдай басқан қараңғылықтың құшағында, жez қармақтай бүктеліп, уыз денесі, жалынды жаны жарапанып, жаңбырдай жасын төгіп Зәйра жатыр" [2, 252].

Осындағы "албастыдай басқан қараңғылықтың құшағында, жez қармақтай бүктелген Зәйра" күйі Ж.Аймауытовтың "Күнекейдің жазығындағы" Күнекейдің өмірін еске түсіреді.

Түйіндесек, К. Кеменгерұлының әйел тенсіздігін арқау еткен шағын көлемді әңгімелерінің барлығында қыз-келіншектердің тағдыры, тенсіздігі, дәуірдің қоғамдық шындығы әлеуметтік тұрғыдан қарастырылған. Қаламгер бұл әңгімелерінде үлкен өзгерістерді басынан кешіп жатқан қоғамдағы қазақ қыздарының бейнесін жасаған.

Сондай-ақ әңгімелерде колданылған әрбір көркемдік құрал белгілі бір мақсатта жүмсалған сәтті колданыстар деп айтуға болады.

Егер жоғарыда аталған әңгімелердегі қазақ қыздарының санасының оянуы, ой-өрісінің өсуі мен тенденкке жету жолы бойынша көрсетсек, төмендегіше орналастыруға болады: "Қараашаш", "Зәйра", "Назиха", "Дүрия".

Қаламгер әңгімелерінің келесі тақырыбы - отаршылдық мәселесі. Бұған "Қанды толқын", "Тұтқынның ойы", "Отаршылдық ұсқындары" әңгімелерін жатқызуға болады. "Қанды толқын" әңгімесі он тоғызыншы жылғы казақ даласына жасаған колчактың қанды қырғыны туралы. Оқиға Салқынбай атты қарияның жанұясындағы қайғылы жағдай арқылы дамиды. Ак әскерлер "Бәлшебекпен байланысы бар" деген сұлтаумен жалғыз ұлы Тынымжанды көз алдында атып кетеді. Бірақ ол онымен бітпейді. Ойларына келгенін істеп үйренген актар, тағы да сол Салқынбай қарияның ауылын тал түсте ойрандалап кетеді. Баласының өліміне себеп болған адамды таныған қарт, бас сауғалаудың жолы жоқ екенін түсініп, келіні Жанымайдың арын таптаған ақ әскерінің екеуінде балтамен ұрып жығады. Олармен алысып жүріп өзі де оққа ұшады. Ж. Аймауытұлының "Ақбілегіне" өзек болған өмір шындығы шағын жаңрда шып-шымыр өрілген.

Бұл әңгімеде ақ офицердің зорлығынан азап шеккен Жайныманың бейшара халі күбылысты құлдыратып кішірейтіп не үлкейтіп көрсету тәсілдері, яғни литота, гипербола арқылы суреттеледі: "Бір кезде ботакөз сулу атанған Жайныма өлімтікке айналды. Толқынды қою қара шаш құйын соққандай қоқырады. Мөлдір бота көзден нұр кетті, қаймақтай ерін дүрдіп қара күрән тартты" [2, 237].

Ал "Тұтқынның ойы", "Отаршылдық ұсқындары" деген әңгімелерінде жазықсыз жазаға ұшыраган бейбіт жандардың қараңғылықтан, білімсіздіктен бас бостандығынан айырылып, малша азапталып, ар-намысының аяққа тапталғаны туралы баяндалады. Әсіресе "Адам деген атымды жоғалтты" деп жан азабына түскен адамның алтын басын қор қылған тұтқындағы қорлауладар жайлы жазылған жолдар адам жанын ауыртады. Тұтқын кейіпкердің түрменің тар тесігінен түскен әлсіз сәуленің өзі өмірінің актық сәтін күтіп жатқан жазықсыз жанға соншалық сенім, үміт сыйлауы адамзатты ертеңге сүйрер жалғыз сезім осы - сенім екенін көрсетсе, "Отаршылдық ұсқындарында" - шаруа школында оқып жүрген Жаңатай есімді

жігіттің тәжірибеден өту үшін Преснов станциясына келгенде базар аралай жүріп казақтардың орыс ояздарынан көрген қорлықтарын жазады. Қаламгердің айтуынша "Қазақ газетін оқумен ұлтшылдықты иман қылып ұстаған Жаңатайдың" көзіне түскен бірінші суреттің өзі-ақ екі тап, екі ұлт арасындағы айырмашылықты айқындал береді. Жаңатайдың жаңын жабырқаткан екі көрініс: бірі "...талай сорлының көз жасынан, енбегінен құралған сомаға, ...күнмен шағылышқан ақ шіркеу" мен "сырлы таза карагай үйлерге күйесі жұғатындағы оқшау тұрған алқам-салқам қара құрым киізді, жеркенедей жабысқан жатақ болған казақтардың үйлері". Бір сөйлеммен соғылған сұмдық сурет, сайқымазакталған казақтың кержалқау тұрмысы, улы тіл, ашы сарказммен бейнеленген. "Өрмекшінің үйсіна түскен шыбында, бірте-бірте сорылып, қазақтық белгісінен айырылады-ау", - деген кейіпкердің ішкі сөзі арқылы берілген ішті қазандай қайнатқан ашу, ыза, намыс сондайлық шынайы. Бұрындары кездесе қоймаған тың сурет "өрмекшінің үйсіна түскен шыбында" шырмалып, жем болған бүтін бір халықтың тағдыры елдің сауатсыздығы салдарынан қыл үстінде. Оны мына сурет айғақтайды: "... атты киргиз, арда" деп ақпанның аязында құлында дауысы құрыққа шыққан, жер құртындағы домаланған, жөндеу киімді бір қазақтың "мен төре жазық жок, берблюд бұйда жоқ" дегені естілді" [2, 248].

Екінші бір көрініс: "Малақай" деп бір қазақты аяғынан шалғылаған, тымағынан тартқылған казак-орыстың үш-төрт баласын көрді.

Бұрын шаһәрлі жерде өсіп, "ділсіздікті кітап оқумен білгені болмаса, көзімен көрмеген Жамантайға мынадай ұнамсыз суреттер ауыр тиді" [2, 249].

Сауаты бар саналы азаматтың ел ішінде көрген әлдінің әлсізге жасаған әділетсіздігі оның "ішін оттай қайнатып, ашу-ызага бөлеп неше түрлі ойларға жетелейді. Ел қазағы надандықтан арылмай енсесін көтере алмай әлгіндегі мазак пен қорлықта өмір кешетінін ойлап, сондықтан сауат ашуды кезек күттірмес міндет деп түйіндейді Жаңатай.

Шағын әнгімелегі бір ғана эпизод бүкіл кезеңнің, қоғамдағы құрделі қақтығыстың, қыр қазағының тағдырын нағымды бейнелейді. Жаңа өмір үшін құресті ең алдымен сауат ашу арқылы жүргізу керектігін осы Жаңатайдың ішкі ойы, арманы, саналы қүресі арқылы ашады қаламгер.

Корыта келгенде, Қошке Кеменгерұлының әнгімелерін қазақ қоғамындағы адамдардың өсірсе, қыз-келіншектердің түрлі тағдыры, арман-ойлары, күйініш-сүйінштері, саяси, тұрмыстық сәттердегі психологиялық құйлар көркем де шебер бейнеленген заман шекіресі деуге болады. Қаламгердің кысқа да нұсқа, шағын да шымыр жазылған әнгімелерін қазақ прозасындағы өзіндік ерекше дүниелер деуге тұрарлық.

Ең басты ерекшелігі – сол кездегі тарихи шындықты қаз қалпында әрі шынайы көркемдіктен бере білгендігі. Екіншіден, нақты да шынайы, көркем де шымыр жазылған. Үшіншіден, жазушы не айтса да ақиқатын айтып, оқиганы нағымды жеткізген. Тілі көркем, ойы шымыр, тағдырдан қанша тақсірет тартса да тауы шағылып, үміті үзілмеген кейіпкерлердің өміріндегі қүнгейі мен көлеңкелі тұстары ішкі күйзелістері арқылы бейнеленіп, жан азабы психологиялық дәлдікпен берілген. Бұл қасиеттер сөз жоқ шығарма құндылығын арттырып тұрған көркемдік категориялар.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Ордаева Г.Ж. Қошке Кеменгерұлының әдеби мұрасы: авторефер.... канд. филол. н. – Алматы, 1995 ж.
- 2 Қошке Кеменгерұлы. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 20015. – 320 б.
- 3 Жұмабердіқызы Г. Алаштың бір ардағы: Деректі-ғылыми хикаят. – Алматы: Рауан, 1998. – 88 б.
- 4 Әдебиеттану терминдер сөздігі. //Ахметов З. Шаңбаев Т./ Алматы: Ана тілі, 1998.- 384 б.

- 4 Әуезов М. Қорғансыздың күні. Эңгімелер мен повестер. – Алматы: Атамұра, 2002. - 432 б.
- 5 Қекішев Т. Қазақ әдебиеті салының тарихы. – Астана: Фолиант, 2013. – 400 б.

*В статье рассматривается актуальность темы и мировоззрение писателя К.Кеменгерова. Проводится анализ художественное многогранье в его рассказы, мастерство в искусстве перевода, конфликт и характер в драмах. Проблему художественного метода знакомят в соответствии с течением времени. Анализируется используемый в рассказе художественный инструмент писателя.*

*The article discusses the relevance of the topic and the writer's worldview K.Kemengerova . The analysis of the manifold of art in his stories , the skill in the art of translation, and the nature of the conflict in AMD . Introduces the problem of artistic method in accordance with the passage of time . Analyzes used in the story artistic tool writer.*

УДК 821.512.122 – 3.09

С.Ш. Айтұғанова  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана, Қазакстан

## ЛИРИКАЛЫҚ ПРОЗАДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ («СҮЗГЕҢІҢ СОҢҒЫ КҮНДЕРІ» ХИКАЯТЫ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада қазіргі лирикалық прозада психологиялық талдау үлгісінің берілу ерекшеліктері туралы қарастырылады. Адам жасының терең зерделенуі туралы гылыми еңбектерге сілтеме жасала отырып, психологизмнің кейіпкер бейнесін ашуадағы ерекшелігі сараланады. Осы мақсатта белгілі жазушы Шәрбану Бейсенованың «Сузгенің соңғы күндері» атты тарихи тұлға тәгдышын арқау еткен хикаяты талдана отырып, тұжырымдар жасалады.

Кітт сөздер: лирикалық проза, психологиялық талдау, психологизм, тарихи тұлға, лиризм, композициялық құрылым, көркемдік тәсіл, автор мен кейіпкер.

Кез келген жазушы өз шығармасында қандай деңгейде болса да өзі сомдаған кейіпкерінің ішкі әлеміне бойлап, адам атты болмыстың жан әлемін танытуға ұмтылады. Лирикалық прозада да кейіпкер әлеміне терең бойлау, оның жан дүниесіндегі сезім иірімдерін қапсызыз аңғарту басты міндет болғандықтан, суреткер түрлі көркемдік тәсілдер арқылы сан қылыштарын жүйесін тоғыстырады. Бұл ретте ол терең психологиялық талдауға барып шығарманың тұтас композициялық құрылымын кейіпкерінің санағы арқылы өріп, оқиғаны оның ішкі жан-дүниесінің өзгерістерімен дамытып отырады. Жазушының кейіпкердің ішкі әлеміне бойлай еніп, оның жан-дүниесінің сәл өзгерісіне, жүргегінің әрбір діріліне дейін тиянақтай жазып, әрбір киналысына назар аударуы психологиялық талдаулар арқылы беріледі. Шығармашылықтағы психологизм Батыс еуропалық әдебиетте ХҮПІ ғасырдың екінші жартысында пайда болғаны зерттеу еңбектерде тұжырымдалған. XX ғасырдың басында З.Фрейдтің [1] және К. Юнгтың [2] еңбектеріндегі адам жанының терең зерделенуі, әдеби шығармашылыққа, соның ішінде көптеген ірі қаламгерлерге өз ықпалын тигізді.

Психологиялық талдау қазақ көркем прозасында жиырмасыншы ғасырдың басында көрініс беріп, ары қарай тереңдей дамыды. Бұдан кейінгі аралықта көркем прозадағы кейіпкерлердің сомдалу үлгісінде психологизмнің алдын орыны айрықша байқалды.

*Мақала Венедикт Ерофеевтің «экцентрик Василий Розанов көзқарасы тұрғысында» атты эссең зерделеуге арналған. Зерттеу объекті—екойлылық феномені .Орыс постмодернизмінің өзіндік ерекшелігінің сипаттайтын екойлылық, Ерофеев әстетикасының негізгі ретінде зерттелінеді.*

*Параидигма стиلى тұрғысындағы әрі «бөгде сөз» қалыптастыру көзқарасы негізіндеғі екойлылық құқықтық аспектіде пайымдалған.*

*The article is devoted to Benedict Yerofeyev's essay "Vasiliy Rozanov by eyes of the eccentric". The subject of consideration is duplicity phenomenon. Duplicity has been studied as the source of Erofeev's esthetics that characterizes features of Russian post modernism.*

*Duplicity has been considered from the aspect of craziness, from the point of "someone's word" functioning, in the terms of style paradigm.*

ӘӨЖ: 82:316.3

Б.Ә. Ысқақ, А.Ф. Зейнулина  
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті  
Павлодар, Қазақстан

## СҰЛТАНМАХМУТ ШЫГАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ЖҮЙЕ МЕН АВТОРЛЫҚ ПОЗИЦИЯ

*Мақалада Сұлтанмахмұт ақынның шыгармашылығындағы XX ғасырдың басындағы қазақ тағдыры, қазақы бітім-болмыс табигаты қарастырылған. Суреткердің қолданған көркемдік жүйесі мен авторлық позициясы танылады. Сұлтанмахмұт ақынның жаңашылдығының бір қыры – заман келбеті мен кейіпкер жан-дуниесінің сабактастығы айқындалады.*

*Tірек сөздер: ақын, авторлық позиция, шыгармашылығындағы көркемдік жүйе.*

Сұлтанмахмұттың жалпы шыгармашылығын зерделей қарасақ, XX ғасырдың басындағы казақ тағдыры, қазақы бітім-болмыс таразыланғаны байқалады. Кедей десек те, Қамар сұлу десек те, Тасболат десек те, қайсыбір қаһарманы мен кейіпкерін, немесе тіпті персонажын алсаң да сол тарих тіріліп, бейнелі көрініске айналатын секілді.

Әр суреткердің әрине, жазатыны мен көркемдейтіні өз танымы болғандықтан – Сұлтанмахмұт өз айналасын жіті бақылап, түйсінгенін көркемдікке жалғастырған.

Ақын поэзиясында, шыгармаларында бейнеленген кейіпкерлер әлемі нағыз өмірдегі өз жанынан табылған, өзі жақсы біліп-танаған адамдардың мінез-құлқын, жан қалауын, тағдырын тағы басқасын суреттеген суреткердің шыгармашылық қолтаңбасын көрсетеді.

Сұлтанмахмұт киялы мен шынайы өмір бітісіп құйылып кеткендіктен кейіпкері мен қаһарманы ақынмен ажырамастай болып, өзгені емес өзін ғана жырлағандай әсер қалдыратын үндестік қалыптасқан. Бұны біз, автор бейнесі мен кейіпкер бейнесінің талдауында бақылаймыз. Сұлтанмахмұт ақынның жаңашылдығының бір қырын осы тұстан зерделеп, сұлтанмахмұттанушылар қазақ поэзиясына енген жаңа ұшқын ретінде бағалады.

Ақын атын халқының есінде мәнгілік қалдыrsa, ол өзінің адам атының (яғни, жолдарын жазған:

Іздедім, іздесем де таба алмадым,  
Табам деп өзімді-өзім неге алдадым?  
Адамның адам аты ақталмайды,

Бейнет қып, бар білгенім – соны аңгардым, – мұндағы «адамның адам аты ақталмайды», – деп налуы жас та болса ақындықты өнер деп танып, оның бейнеті мен зейнеті қарапайым адамнан ғөрі басқаша болатының аңғартқан.

Ақынды зерттеу ісінде еңбектенген ғалымдарымызды бірі – Е. Өтебаев [1, 5].

Аталған зерттеушінің «Сұлтанмахмұт және Мұхтар Әуезов» атты мақаласында Сұлтанмахмұт пен М. Әуезовтің арасындағы байланыс төркініне үніліп, салыстырмалы талдаудан түйген тұжырымы ортаға салынған.

Онда М. Әуезовтің естеліктеріне сүйеніп дерек беріледі: жазушы 1916 жылы Семей қаласында маусым жарлығы кезінде ақын Сұлтанмахмұтты қөрген.

Бұл кезде ақын күнкөріс, әрі білім алу, зиялымармен танысу мақсатымен Баянауыл, Павлодар, Томбы, Семей, Тарбағатай, Қотанқарағай, Шыңғыстау араларында жүрген кезі екен. Семейге қайта келген уақыты сол маусым жарлығына сәйкес түскен.

Жарлыққа қарсы қазақ оқығандарының жиналысы Семейдегі Приказчиктер клубында өтеді. Содан кейін 1917 жылы қыста денсаулығына байланысты ақынды М. Әуезовтің үйінде қызырақтың қымызымен бір айдан артық демалдығаны айтылады.

Ақынды, оның қасиетін М. Әуезов ерте тани білген, 1918 жылы Ж. Аймауытовпен бірге «Екеу» деген атпен «Абайдан кейінгі ақындар» деген әдеби-сын мақала жариялады, мұнда Сұлтанмахмұт өлеңдеріне, сыршылдықты арнайы талдап бағалайды.

Бұл Сұлтанмахмұт туралы алғашқы ғылыми жұмыстың бастауы еді, соны ғалым: «Дұрысында осы мақала Сұлтанмахмұт шығармашылығын ресми сөз еткен алғашқы әдеби-сын ой-пікір еді», – деп дұрыс байқаған.

Өздері де әдебиетке келген жас талапкерлер екендігі, соған қарамастан Сұлтанмахмұттың шығармашылығынан жаңашылдықты көре білгенін айтып өтеді: «Оларға Сұлтанмахмұттың тақырып таңдауы мен бейнелеу әдісі ұнады», – деп өз бағалауын береді.

Сонымен қатар ғалым аталған мақалада ізденіс төркінін олардың әдеби байланысы тұрғысынан алып қарағаны қонымды: «Әуезов даласы мен адамының атауы, аты, заты бар. Ондағы мінез, сурет, оқиға – бәрі де заманға, заманың тәртіп-талқысына сай келеді. Егер түрін түстеді», – деп екі шығармашыл адамның тәсіліне тоқталып өтеді.

Сұлтанмахмұттану ғылымында: Ж. Аймауытов, (1930) Е. Бекенов, М. Әуезов, Е. Ісмайлұв, Қ. Дауқенов, С. Айтмұханов, Б. Шалабаев Б. Кенжебаев, Ү. Дүйсенбаев, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Ә. Тұрманжанов, Е. Исмайылов, Т. Әбдірахманов, Қ. Шәменов, Б. Мамыраев, Қ. Ергөбеков, А. Еспенбетов, Е. Өтебайұлы, С. Қирабаев, Ә. Кекілбаев, З. Ахметов, Қ. Ергөбек, Ш. Сәтбаева, Т. Қекішев, Қ. Жұсіп, Ә. Әсіров, Ғ. Есім, Т. Рахымжанов, Ә. Қамзабекұлы, А. Құдайбергенов сияқты зерттеушілер еңбек етті. Ақынның шығармаларын жинақтап, кітап етіп бастыру жұмысында (1918) алғашқы жұмыс «Абай» журналында жарияланған «Екеу» (Ж. Аймауытов пен М. Әуезов) атты бүркеншек есімімен жазылған «Абайдан соңғы ақындар» мақаласынан бастау алады.

Б. Құлеев (1922) Қазан қаласында «Адасқан өмір» атты араб әрпімен терілген кітап шығады. Ж. Аймауытов (1926) ашық хат арқылы ақын мұрасын толықтай жинап бастыруға күш салады. Қызылорда қаласында (1933) «Қазақ әдебиетінің классиктері» сериясымен, Алматы қаласында (1933) «Сұлтанмахмұт қандай ақын?» кітапшасы С. Мұқанов авторлығымен басылады [2].

Сұлтанмахмұттың шығармаларына аударма жасау ісінде және қазақтан басқа өзге аудиторияға ғылыми мақалалар арқылы таныстыруда: З. Кедрина, А. Жовтис, М. Сильченко, Е. Винокуров еңбектенді.

Ғалым С. Қирабаевтың: «... Сұлтанмахмұт өмір сүрген, ол жырлаған заман шындығын бірден түсіне алмай, көп адастық. Ақынның ортасын, оның неге сол ортамен өкпелескенін, алысқаның жете ұқпадық. Ендігі мәселе – осыларды саралап қарауда, түсінуде. Оған Сұлтанмахмұттың өз шығармалары, әсіресе, олардың осы күнге шейін жарияланбаған бөлігі көмекке келмек», – деген пікірін дұрыс бағыт деп танимыз [3, 18]. Оның бір дәлелі: ақынның 30 мыннан астам жолдан тұратын «Қарагөз» атты романы (өлеңмен жазылған), «Қайғы» атты

поэмасы халық арасына жетпеген, жоғалғаннан табылмаған, дерек Кенжетай Аймановтан қағазға түсірілген, 2- том 203 бетте [4].

Ақын шығармаларындағы автор бейнесін қарастыру үшін ақынның өзі жыр еткендей:  
Сөз мәнісін білмесең,

Өлең оқып не керек ? – деген тұжырымын басшылыққа ала отырып, ақын дүниетанымы мен руханиятын кейіпкерінен тануға ұмтыламыз.

Сұлтанмахмұт поэзиясындағы ақын бейнесін ұғындыру мақсатында алдымен көркем поэзиядағы «автор бейнесін» түсіну шарт.

В. Виноградов «автор бейнесі» туралы: «Образ автора» открывается во внутренней связи всех элементов повествования, в его смысловой направленности, в драматической силе образных обобщений, в своеобразном реалистическом символизме художественного изображения жизни... Образ автора – это та цементирующая сила, которая связывает все стилевые средства в цельную словесно-художественную систему, это внутренний стержень вокруг которого группируется вся стилистическая система произведения», – [5, 149] деп көркем әдебиет тілі қызыныңдағы орталық мәселелердің қатарына қояды.

Мұны түсініміз – Сұлтанмахмұттың даралығын анықтауымызға көмектеседі.

Автор бейнесі – Сұлтанмахмұттың өміrbаяндық категориясы емес, ол құрылымдық-көркемдік, көркем тілдік категориясы болып саналады.

Автор бейнесі дегенмен Сұлтанмахмұттың дүниетанымдық, әлеуметтік, мінездүкүліктерінен тұратын жеке басының касиеттерінің жиынтығын түсінбейміз. Дегенмен, ақынның жеке басының ерекшеліктері оның туындыларынан байқалып тұратынын жоққа шығаруға болмайды.

«Автор бейнесі» дегенде ғалым Б. Шалабаев [6, 29] өзара байланысты мынадай еki ұғымды түсіндіреді:

«1. Поэзияның субъектісі, яғни өлеңдегі белгілі бір көркем-идеялық көзқарастармен ұласқан, өзіндік көркемдік әлемін туғызуши субъект.

2. Көркем поэзияны ақын, өз нүктесінен, өзінің адамгершілік, идеялық ұстанымы тұрғысынан көріп, соны туындысында әр түрлі жағдайлардағы тоғысулар, қарама-қарсы қоюлар арқылы бейнелеп шығады».

Сұлтанмахмұт өлеңдеріндегі ақын бейнесі – ол өз тұлғасының көріну қалпы. Ақын Сұлтанмахмұттың мұраттық нысанасы, көзқарасы, ұғым-түсініктері, наным-сенімі, көркемдік принципі, суреткерлік шеберлігі, поэзиясының өн бойынан, мұраттық-көркемдік сипатынан танылады. Бұл – оның шығармашылық тұлғасы, ақындық, суреткерлік сипат-бейнесін алсақ, ол жекелеген жанрда (өміrbаяндық, мемуарлық) айқын көрініс табады.

Ақынның кез келген шығармасында автор «көзге көрінбей» катысып отырады деуімізге болады. Оның жүрек қалауы, нені ұнатпайтыны бәрі кейіпкер сезімімен ұштасып кеткені байқалып тұрады. Бірақ, оның «білінү» дәрежесі барлық өлеңдерінде бірдей болмайды. Ол Сұлтанмахмұт ақынның баяндалып отырган жағдайларға қатысты қандай әдеби тәсілді пайдаланып, қандай бағытты ұстайтынына байланысты болады.

Сұлтанмахмұт поэзиясындағы ақын бейнесі негізінен былайша баяндалады:

1. I жақтағы («мен» тұлғасындағы) баяншы.

2. III жақтағы («Махмұт» тұлғасындағы) баяншы, жеке тұлғада.

3. Арнайы баяншы – бұл автор ойлап тапқан баяншы. Ол шығарманың бір кейіпкері болады («Қала ақыны», «дала ақыны»), не аты-жөні белгілі субъект («Таныстыру»).

Сұлтанмахмұттың поэзиясын осы тұрғыда талдал көрсету, мән беру – ғалымның, әдебиетші ұстаздардың, болашақ әдебиетші шәкірттердің байқағыштығы мен танымы арқылы жүзеге асатын құбылыс.

Сұлтанмахмұт 1907-1911 жылдар аралығында ақын жиырма еki өлең дүниеге әкелген.

Ол өлеңдерінің бастамасына «Секілді өмір қысқа, жарты тұтам» жатады. Мұқан молдадан алған білімімен, дүниеге көзқарасымен жазылған «Секілді өмір қысқа, жарты тұтам» өлеңінде:

Қаламды шын беріліп, алдым берік,  
Әлдеқандай бір күшке көңіл сеніп.  
Бұрын жалғыз оқу еді іздегенім,  
Енді оған өлең жазу болсын серік,- деп жырлаған.

1912 жылы жазған «Шұбар қожа», «Әйел», «Дүние», «Оқып жүрген жастарға», «Талиптарға» («Шәкірттерге»), «Оқуда мақсат не?», «Достыма ұмытпастық үшін хат», «Түсімде көрген бір аянышты хал», «Анау-мынау», «Арыстан мен Тышқан», «Қандай», «Мағынасыз мешіт», «Арабшадан», «Екі тышқан», «Кек өгіз», «Арманым», «Ұлт», «Алғыс», «Жарлау», «Мысал», «Бір баланың тілек батасы» өлеңдерінде (осы жылы ақын жиырма бір өлең жазған) сыншыл бағыты анық көрінеді.

Абай ізімен ағартушылық көзқарасы «Оқып жүрген жастарға» (1912) «Талиптарға», «Оқуда мақсат не?» (1912) атты өлеңдерінен байқалады.

«Оқуда мақсат не?» өлең үзіндісін мысалға алсақ:

Демейміз оқымады біздің халық,  
Болса да оқу – анық, мақсат – танық,—

деген I том, 50-беттегі жолдарды қазақ ауыз әдебиетін сүйе отырып, жаңа жетістікке, мәдениетке шақыруы деп түсінген жөн. Ақынның бұл өлеңдерін ғалымдар түрі жағынан бірқатар жаңа ізденістегі, үгіттік өлең дәрежесінде таниды.

Сұлтанмахмұт ақындықты өнер деп танығанын «Достыма ұмытпастық үшін хат» (1912) өлеңінен, байқауымызга, мына жыр жолдары:

Жан достым, бір-екі ауыз назым жаздым,  
Көргенде босасын деп жүйе-жүйен,—

I том, 51-беттен айғак болады. Ақын құдыреті, ақындық өнер ғана адресаттың, «жүйе-жүйесін» босата алады. Сұлтанмахмұт өнеріне бет бұрғызады.

Сен – сұңқар, көнілі соқыр, сенімен қас,  
Өзінің болмады деп қарғасында,—

I том, 88-беттегі басылған шығармасы «Тұтқындағы Байтұрсынның «Масасына» өлеңінде сөз зергерін сұңқарға балағанын, «Маса» жинағын «Әткірсің, наркескеннің алмасында!»— деп, биік бағалағанын көрсетеді. (1912 жылдан кейін ақын тағы да өлеңдерінен бірінен кейін бірі тасқында тасып төгілген болатын, накты айтқанда отыз үш ғылыми қызметкерлері бұны зерттеушілер еңбегінен жинақтап берген).

Ал, «Өмірімнің үәдесі» (1914) атты өлеңінде ақын есімінің ұлағатты өмірімен, ақындық өнерімен сақталатынына деген сенімін көреміз.

Мына үзінді соған дәлел болады:

Үміттің көзі жарқырап,

Бұлағы ағар сарқырап.

Бұл бәйгеде Махмұттың

Азбаны келер арқырап,—

акындықты өнер десен:

Асыл сөзді іздесен,

Абайды оқы, ерінбе! —

деп тұжырымдайды, өзінің шығармашылық жолына Абайдың ұстаз екендігін анық көрсетеді.

Шығармашылық еңбегінің басы, тұңғыш өлеңдері «Шоқпар», «Тұмағымның құлагы», «Жұмбақ», «Шықай менен Шағала» (көп әдебиеттерде «Секілді өмір қысқа, жарты тұтам» өлеңі деп көрсетіледі, кейінгі зерттеулер бойынша ол өлеңнен бұрын дүниеге келген туындысы бары дәлелденді) бастап, дуниеден қайтарында ескі досымен бақұлдасуы іспетті ақындықтың шартында жалынды, жанды, өткір сезімді шындалған шеберлік өрнектеледі.

«Тұмағымның құлагы» өлеңінің шығу тарихы Сұлтанмахмұттың досы, туысы Шәйбай Аймановқа қатысты оқиғадан өріс алған екен [7].

Өлең тарихы әріден басталады, ақынның бала кезінде сақылдаған сары аязда ойнап жүргенінде болған оқиғаға байланысты шыққан. Шәйбай ойнап жүріп, байқамай Сұлтанмахмұттың ескі тұмағының құлақ бауын жұлып алды.

Сонда біраз уақыт үндемей тұрып, қасына Шәйбайды шақырып, бір ауыз өлең шумағын шығарады:

Тұмағымның құлағын,  
Жұлып алдың, не тусти?  
Усиді-ау енді құлағым,  
Міне, сұық жел есті.  
Не деп айтам апама,  
Біліп қойса бұл істі?

Осы шумақ ақынның болашак дарын иесі екеніне көміл сендірген.

Алдымен сұрып салып, үйқастырды. Сөз уыттылығы сонша Шәйбай өзінің басындағы тұмағын кигізеді, бірақ Сұлтанмахмұт оны кимей, иесіне қайтарады. Бұл істің соны Шәйбайдың анасына барып жыртылғанды жаматумен бітеді.

Екіншіден балалық қөңілі ешкімді де ренжіктің келмегені, бәрін шындықпен өлшеуге дағдыланғаны анық байқалады.

Естелікті берілген мерзім – 1911 жылға дейінгі уақыт.

Бұл естеліктің тағы бір маңыздылығы осында, яғни ақынның ең алғашқы өлеңдерінің қатарында аталған туындыға жатады. Бір өлеңнің шығу тарихына қатысты естеліктің ақынның туыстарына, өмірбаянына қатысты мағлұмат берілген: әкесі Әбубекірдің (Шоқпіттың) Сұлтанмахмұтты өте жақсы көретіні және Айман әuletіне ерекше құрметі байқалады.

Сұлтанмахмұттың ақындық тілі бай, құнарлы, кестелі, көркем.

Казак халқы әдеби тілінің сөздік қорын еркін игерген. Қажетінде араб-парсы, орыс сөздерін ұтымды кірістірген.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – әдебиеттің әр жанрында жазатын қабілетті, талантты ақын-жазушы.

Әдеби мұраларын дүниеге әкелу мен өз білімін ұштау жолында қыншылықпен откерген аз ғұмырында, Бейсенбай Кенжебаевтың жинақтап-зерттеген есебі бойынша, ақын 110 өлең, 6 поэма, 2 роман, 8 мақала, очерк, әңгіме жазады.

Оның ішінде 68 өлеңі қара өлең өлшем үйқастарымен, 32 өлеңі жыр-толғау, тақпақ өлшем үйқастарымен, 7 өлең аралас өлшеммен жазылған [8, 168].

Сұлтанмахмұт Абайдан барлығы 12 сөз тіркесін алған.

Орыс әдебиетінен 7 сөз тіркесін өзінше пайдаланған.

Сұлтанмахмұт ақын шығармашылығында көптеген орыс, орыс тілі арқылы енген өзге тілдер мағынасындағы сөздер қолданысы көп табылады. Бұл ақынның білімділігін білдіреді. Соның бірі – Папа сөзі. «Адасқан өмір» поэмасында:

Жоқ құлдық, жоқ төрелік, жоқ күштемек  
Тағы да көпті істеуге күндер өтпек,  
Папа мен ферғауыннан қадір кетпек,  
Өзі үшін тап өзінен басқа құдай,  
Жоғына әр адамның көзі жетпек», –  
деп әлемдік саясаттан хабары бар жаңашыл ақынның сөз өрнегін құруда осы сөзді пайдаланғанын айтуға болады.

Сұлтанмахмұт 1918 жылы жазған «Таныстыру» поэмасында да орыс сөздерін қолданған, солардың бірі депутат, дума, диплом:

Алпыста қазақ тілінен тыңдау беріп,  
Сайлауға кірмек ойы «диплом» алып.  
Думадан бір орындық жылытпақшы,  
Сайланып бір депутат болып барып».

Сұлтанмахмұт кейіпкері Дұрманов сөзі етіп берген осы тұста:  
Есіл дәурен баянсыз қайда кетті,  
Шен алып, лық байыған арқаланып.  
Әкесі қайыр тілеп жүріп өлді,  
Байлықпен жәрдем етер кімді танып»,—  
деп депутаттыққа үміткердің шын жайынан хабар береді. Аталған тұстардан Сұлтанмахмұттың ішкі жан-дүниесі ашылады.

Мақалада Сұлтанмахмұт ақынның шығармашылығындағы XX ғасырдың басындағы қазақ тағдыры, қазақы бітім-болмыс табиғаты аталып өтті.

Суреткердің көркемдік жүйесі мен авторлық позициясын ақынның шығармалары арқылы тануға ұмтылдық.

Сұлтанмахмұт ақынның жаңашылдығының бір қыры – заман келбеті мен кейіпкер жан-дүниесінің сабактастығы тұтасып бейнеленеді. Қысқаша шолып өткен мақала мақсаты да, ақынның әдебиеттанудағы теориялық таныммен әлі де болса қарастырылатын мәселелері бар екендігіне назар аудару болатын, қорытынды түйіні мен мәні де осыдан келіп тұжырымдалады.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Өтебаев Е. Кеменгер ақын Сұлтанмахмұт. – Павлодар, 1992. – Б. 5.
- 2 Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы: Ғылым, 1992.
- 3 Қирабаев С. Сұлтанмахмұт Торайғыров. Екі томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Ғылым, 1993. – Б.18.
- 4 Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы: Ғылым, 1993. – Б. 13, 131, 136.
- 5 Виноградов В.В. О языке художественной литературы. – М., 1959. – 149 с.
- 6 Шалабаев Б. Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми теориялық негіздері. – Алматы: Ғылым, 1997. – Б. 29.
- 7 Айманов Ш. Жүрекжарды жырау хат // Қазақ әдебиеті, 1993, 2 шілде.
- 8 Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Б.168

*В статье рассматривается судьба казахского народа, менталитет нации начала XX века. Определяется художественная система и авторская позиция писателя. Одна из граней поэтического новаторства Султанмахмута – переплетение облика времени и мировоззрения героя произведений.*

*In this article the Kazakh Falk' fate, nation's mentality of the 20<sup>th</sup> century are considered. Here is the artistic system and author's position of the writer are distinguished. Interweaving of time's appearance and world's views of composition's character is one of the borders of Sultanmahmut's poetical innovation.*